

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі "Панфилов ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы № 750 қаулысының күшін жою туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 481 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі "Панфилов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (2015 жылдың 14 қазанында нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне № 3481 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 39 жарияланған) № 750 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садықов Аскар Джумахановичке жүктелсін.

*Аудан әкімінің
уақытша міндетін атқарушы*

Ш.Курбанов